

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

14 қыркүйек 2021 жыл

### **KASE биржалық нарықтың 2021 жылдың тамыз айындағы жұмысының қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2021 жылдың тамыз айындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2021 жылдың тамызында 14,9 трлн теңгені құрады және шілдеге қатысты 24,1 %-ға немесе 2,9 трлн теңгеге өсті.
- KASE Индексінің мәні 2,8 %-ға өсіп, 3 172,45 тармақты құрады.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 0,2 %-ға 28,4 трлн теңгеге дейін өсті, сатылатын корпоративтік борыш көлемі 0,3 %-ға 15,1 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 190 эмитенттің 504 атауының мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға ашылған 188 009 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 6 445 шотқа және 2021 жылдың басына қарағанда 55 148 шотқа артық.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2021 жылдың 27 тамызында KASE бизнес-қоғамдастығын және мүдделі жұртшылығын ақпараттандыру үшін "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорымен және Ақтөбе және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, қор нарығында капитал тарту мәселелері бойынша онлайн дөңгелек үстел өткізді.

### **АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Тамыз айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 28,4 трлн теңгені (66,7 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 49 млрд теңгеге немесе 0,2 %-ға жоғары. Капиталдандырудың өсуіне KASE Индексінің себетіне кіретін акциялар бойынша бағалардың өсуі ықпал етті.

Тамыз айының соңында KASE сауда тізімдерінде 122 эмитенттің 138 акциялары болды, оның ішінде төрт эмитенттің төрт атауының акциялары "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілді. Есептік айда KASE ресми тізіміне жаңа акциялар енгізілмеген.

Тамыз айында акциялармен сауда-саттық көлемі 9,4 %-ға немесе 1,2 млрд теңгеге 12 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 573,8 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 1 775, бір мәміленің орташа көлемі – 323,2 мың теңге.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 45,4 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің үлесі 11,4 % құрады. Басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 1 %, өзге заңды тұлғаларға – 42 % тиесілі болды. Резидент еместердің қатысуы 4,8 % бағаланады.

## KASE ИНДЕКСИ

Тамыз айында жергілікті акциялар нарығында дивидендтерден кейінгі ақпараттық тыныштық маусымы дәстүрлі түрде аяқталды. Компаниялар жарты жылдық есептерді шығара бастайды, соның негізінде инвесторлар жылдық пайда мен болашақ дивидендтердің мөлшерін болжай алады. Жаңа ақпараттық серпін маусым айының басынан бастап түзету кезеңінде болған KASE Индексі бүйірлік трендке көшуіне ықпал етті.

Тамыз айының қорытындысы бойынша өсім 2,8 % немесе 85,79 тармақты құрады. Индекстік акциялармен мәмілелер көлемі тамыз айында 6,2 млрд теңгені құрады, бұл шілде айындағы ұқсас көрсеткіштен 33,9 %-ға немесе 2,1 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "Кселл" АҚ жай акцияларына тиесілі – 3,1 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 49,8 %).

### KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.09.21 ж.б.	01.08.21 ж.б.	Δ, %	шілде	тамыз	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	288,00	249,00	+15,7	592,3	945,7	353,4
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 940,00	30 000,01	+13,1	142,1	120,0	-22,1
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	180,10	162,50	+10,8	578,7	1 672,5	1093,8
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	12 019,30	11 700,00	+2,7	145,0	124,4	-20,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 808,08	1 773,00	+2,0	89,8	58,0	-31,8
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 021,90	1 089,99	-6,2	248,7	179,6	-69,1
"Kcell" F)	KCEL	1 340,00	1 595,00	-16,0	6 459,5	3 063,0	-3 396,5

Бір ай бойы индекске банк секторы компанияларының – "Банк ЦентрКредит" АҚ пен "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары қолдау көрсетті, олар тиісінше 15,7 % және 10,8 %-ға өсті. "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары бүкіл жариялылық тарихындағы ең жоғары деңгейлердің бірінде – бір данасы үшін 288 теңге саудаланады.

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ акциялары бағасының өсуі жарияланған оң қаржылық есептілікпен расталған нарықтың күтілуіне байланысты. Жарты жыл ішіндегі таза пайда 225 млрд теңгеге жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 44,2 %-ға жоғары. Сондай-ақ, тамыз айының басында банк күш-жігерді неғұрлым экономикалық тартымды бағыттарға шоғырландыру мақсатында Тәжікстан Республикасындағы еншілес банк – "Халық Банк Таджикистан" жабық акционерлік қоғамының ерікті түрде таратылғаны туралы хабарлады.

Өткен айдың қорытындысы бойынша өсудің тағы бір көшбасшысы "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары болды, олар бір данасына 13,1 %-ға 33 940 теңгеге дейін қымбаттады. Жарияланған жартыжылдық есептілікке сәйкес, "Қазақтелеком" АҚ түсімі 15 %-ға артты. Компания өзінің баспасөз мәлімдемесінде Кселл мобильді операторы тобының бизнесі үшін стратегиялық маңыздылығы туралы мәлімдеді, оның сату көлемі жарты жылдың қорытындысы бойынша 14,6 %-ға өсті.

"Кселл" АҚ акциясының бағасы тамыз айының қорытындысы бойынша ЖДҚ бұрынғы ұстаушылары тарапынан айтарлықтай ұсыныс аясында бір данасы 16 %-ға 1 340 теңгеге дейін төмендеді. Айдың соңғы күні Kcell, Jusan Bank және Mastercard халықаралық төлем жүйесі бірлескен цифрлық өнімнің іске қосылғаны туралы хабарлады.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акциялары бір айда 2,7%-ға өсті. Компанияның қаржылық есебіне сәйкес, осы Топтың шоғырландырылған кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда

54 %-ға өсті. Компанияның негізгі тауарының бағасы да өсті – Нью-Йорк тауар биржасындағы (NYMEX) уран фьючерсі 2020 жылдың маусымынан бастап алғаш рет ядролық энергетикаға деген әлемдік қызығушылықтың өсуі аясында бір фунт үшін 33,5 долларға жетті.

### **КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі тамыз айында 0,3%-ға немесе 47,6 млрд теңгеге 15,1 трлн теңгеге дейін (35,4 млрд USD) өсті.

Тамыз айының соңында KASE ресми тізімінде 72 эмитенттің 299 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Есептік айда ресми тізімге төрт эмитенттен бес шығарылымның корпоративтік облигациялары (бір жаңа) енгізілді: "KEGOC" АҚ, "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ бір-бір шығарылымнан, екеуі "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ. Тамыз айында ресми тізімнен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты екі шығарылымның корпоративтік облигациялары алып тасталды: "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ және Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ еншілес ұйымы.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының табыстылық индексінің мәні тамыз айында 15 базистік нүктеге жылдық 10,21 %-ға дейін төмендеді, жыл басынан бері 55 б.п. төмендеді.

KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі шілде айына қатысты 2,3 есеге немесе 109,1 млрд теңгеге 194,8 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда – саттықтың орташа күндік көлемі 9,3 млрд теңгені (қайталама нарықта – 5,8 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 34 мәмілені (қайталама нарықта – 32 мәмілені), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 269,5 млн теңгені (қайталама нарықта-181,9 млн теңге) құрады.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 73,3 млрд теңгеге төрт эмитенттің алты шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл шілде айының көрсеткішінен 60 %-ға немесе 27,5 млрд теңгеге жоғары:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 9,82-9,85% құрайтын екі шығарылымның облигацияларын орналастырып, 19,9 млрд теңге тартты (шығарылымдар бойынша орташа өлшенген кірістілік жылдық 9,84-9,85% диапазонында түрленді);
- Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ еншілес ұйымы өтеуге кірістілігі жылдық 11,0–11,1 % құрайтын (шығарылымдар бойынша орташа сараланған кірістілік жылдық 11,04-11,10 % диапазонында ауытқыды) және өтеуге дейінгі мерзімі 2,8-3 жыл екі шығарылым облигацияларын орналастырып 12 млрд теңге тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 11,90 % құрайтын жеті жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 40 млрд теңге тартты;
- "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ еншілес банкі орташа сараланған өтеуге кірістілігі жылдық 12,5% және өтеуге дейінгі мерзімі 1,3 жыл облигацияларды орналастыра отырып, 1,4 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 18,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдар – 17,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 24,3 %, өзге заңды тұлғалар – 40,1 %, жеке тұлғалар – 0,1 %-ға жетер-жетпес құрады. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 19 %- құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі шілде айына қатысты 3 есеге немесе 81,6 млрд теңгеге, 121,5 млрд теңгеге дейін өсті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде ЕДБ үлесі – 1,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 22,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 25,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 50 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,1 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 7,2 % құрады.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ (МБҚ)**

KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны тамыз айының қорытындысы бойынша 1,2 %-ға немесе 214,9 млрд теңгеге 17,9 трлн теңгеге (42 млрд USD) дейін төмендеді.

МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі тамызда 172 млрд теңгені құрады және 2021 жылдың шілдесіне қатысты 50,7 %-ға немесе 176,8 млрд теңгеге төмендеді, бұл ретте қайталама нарықта сауда-саттық көлемі өсті, ал бастапқы нарықта құлдырау байқалды. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 8,2 млрд теңгені құрады (қайталама нарықта – 3,2 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны – 12 (қайталама нарықта – 10 мәміле), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 687,9 млн теңге (қайталама нарықта – 317,1 млн теңге).

МБҚ бастапқы нарығында тарту көлемі 103,8 млрд теңгені құрады және 2021 жылдың шілдесіне қарағанда 67,2 %-ға немесе 212,5 млрд теңгеге төмендеді. Аталған көлемнің 83,7 % немесе 86,9 млрд өтеуге кірістілігі жылдық 10,25-10,80% құрайтын МЕКАМ-мен жасалған мәмілелерге келді (шығарылымдар бойынша орташа сараланған кірістілік – жылдық 10,36-10,78%). Қалған 16,9 млрд теңгені немесе 16,3 % Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында жылдық 4,25 %-бен Ақмола облысының әкімдігі және бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында жылдық 9,9 %-бен Алматы қаласының әкімдігі тартты.

МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлар құрылымында ЕДБ үлесіне 24,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 67,1 %, жеке тұлғаларға – 8,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 1,3 % бағаланады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,1 есеге немесе 35,7 млрд теңгеге дейін 68,2 млрд теңгеге дейін өсті. МЕКАМ-мен жасалған мәмілелер көлемінің үлесі қайталама нарықтағы сауда-саттықтың жалпы айналымынан 60,5 % немесе 41,2 млрд теңгені құрады, 24,4 % немесе 16,6 млрд теңге Ұлттық Банктің ноталарымен жасалған мәмілелерге, 15,1 % немесе 10,3 млрд теңге Қазақстан Республикасының еурооблигацияларымен жасалған мәмілелерге тиесілі болды. Қалған 50,4 млн теңгені немесе 0,1 % құрайтын көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен мәмілелерге түсті.

Қайталама нарықтағы инвесторлар құрылымында ЕДБ үлесіне 14,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 25,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 5,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 54,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,9 % болды. Бейрезиденттердің қатысуы 5,2 % бағаланады.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімдерде төрт халықаралық қаржы ұйымының: Еуразиялық даму банкінің, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің, Халықаралық қаржы корпорациясының және Азия даму банкінің 41 шығарылымының облигациялары болды.

Тамызда KASE ресми тізіміндегі "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына Еуразиялық Даму Банкі облигацияларының төрт шығарылымы енгізілді.

Сауда-саттық көлемі тамыз айында 1 105,01 теңгені құрады.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2021 жылдың 01 қыркүйектегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 16 құралы және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 2,9 млрд теңгені құрап, шілде айымен салыстырғанда 9,5 %-ға немесе 0,3 млрд теңгеге өсті.

Қаржы құралы	Көлем, млн теңге			Мәмілелер саны, дана	
	шілде	тамыз	соманың өзгеруі	шілде	тамыз
RU_UKFFipo	1 991,7	2 474,7	+483,1	839	728
FHJlag	43,9	90,6	+46,7	23	16
FFIN_or	36,5	81,0	+44,5	59	80
FHJlpc	18,3	60,3	+42,0	12	6
US_BIL_	0,5	28,8	+28,3	2	1
US_SPY_	19,2	35,1	+15,9	77	114
CSECGm	8,2	18,4	+10,2	5	4

BCCI_cc	3,6	11,0	+7,4	1	1
BCClrb	0,0	4,8	+4,8	0	1
FHJlhm	7,6	7,4	-0,2	924	309
US_GLD_	0,5	0,0	-0,5	3	0
US_ICLN	2,5	0,2	-2,3	5	6
CSECFe	7,3	3,7	-3,6	4	5
FHJlq	18,0	13,3	-4,7	5	6
FHJlds	19,8	11,3	-8,4	344	328
US_PHO_	63,4	9,4	-54,0	15	4
FFINgw	153,2	0,0	-153,2	5	3
IE_FXBF	238,4	32,7	-205,6	324	368
<b>Жалпы</b>	<b>2 632,2</b>	<b>2 882,6</b>	<b>+250,4</b>	<b>2 647</b>	<b>1 980</b>

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 52,6 % – жеке тұлғаларға, 43 % – брокер-дилерлерге, 4,4 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі.

### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға ашылған 188 009 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 6 445 шотқа және 2021 жылдың басына қарағанда 55 148 шотқа артық.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың тамыз айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE 28 мүшесі қатысты. Тамыз айында шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 1,2 трлн теңгеге жетті, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 11,5 %-ға немесе 159,1 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 58,1 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 411, орташа көлемі – 141,5 млн теңге.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің өткен айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлем, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық валюта бірлігіне бағасы белгіленетін валютаның саны	Тамыз айның соңындағы бағам (өзге.%)
USD/KZT	2 765,92 (-12,5 %)	96,3 % (-1,3 %)	8 238 (-910)	423,76 – 427,13	425,42 (+0,2 %)
RUB/KZT	6 116,64 (+95,6 %)	2,9 % (+1,6 %)	242 (-4)	5,7486-5,8249	5,8059 (-0,02 %)
CNY/KZT	128,17 (-38,0%)	0,7 % (-0,3 %)	125 (-8)	65,4897 – 65,8885	65,8225 (+0,1 %)
EUR/KZT	1,78 (-17,9%)	0,07 % (-0,01 %)	22 (+3)	498,50 – 503,53	501,67 (-0,4 %)

### АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 13,3 трлн теңгені құрап, өткен айдың көрсеткішіне қарағанда 30,9 %-ға немесе 3,1 трлн теңгеге өсті.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемелердің (кірістіліктің) мәнін білдіретін MM Index ақша нарығының композиттік индикаторы 56 б.н. жылдық 8,74 %-дан 9,30 %-ға дейін ұлғайды.

## Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтың көлемі 2021 жылдың тамызында 12,6 трлн теңгені құрады, бұл өткен айдың көлемінен 3,4 трлн теңгеге немесе 36,5 %-ға жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 602,2 млрд теңгені құрады, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 579, бір мәміленің орташа көлемі – 1 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 8,75 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 69,2 %, ББҚ-мен авторепо – 3,89 трлн теңгені немесе 30,8 %-ды, МБҚ-мен тікелей репо – 2,8 млрд теңгені немесе 0,02 %, МБҚ-мен тікелей репо – 18,3 млн теңгені немесе 0,01 %-дан азды құрады.

Тамыз айының соңына қарай TONIA индикаторы (әрбір сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша есептелетін, бір күн мерзімге МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін репо операциялары нарығының негізгі индикаторы) жылдық 8,74 %-дан 9,31 %-ға дейін 57 б.н. ұлғайды.

TRION индикаторы (орталық контрагенттің қатысуымен жүзеге асырылатын, әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, бір күн мерзімге МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 8,73 %-дан 9,41 %-ға дейін 68 б.н. ұлғайды.

TWINA индикаторы (ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа сарааланған пайыздық мөлшерлеме әр сауда-саттық күні ішінде есептелетін, жеті күн мерзімге) 2021 жылғы тамызда 36 б.н. 8,72 %-дан 9,08 %-ға дейін ұлғайды.

## Валюталық своп операцияларының нарығы

2021 жылдың тамыз айында валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 608,6 млрд теңгені құрады, бұл 253 млрд теңгеге немесе шілдедегі көлемнің 29,4 %-на төмен.

Валюталық своп операцияларының орташа күндік көлемі тамызда 29 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 11, бір мәміленің орташа көлемі – 2,5 млрд теңге.

Қаржы құралдар құрылымында валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 48,2 % бір күндік валюталық своппен (USDKZT\_0\_001), валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 42,8 % екі күндік валюталық своппен (USDKZT\_0\_002) және айлық валюталық своппен (USDKZT\_01M) сауда-саттықтың жалпы көлемінің 9,1 % болды.

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своп индикаторы тамыз айының соңына қарай 25 б.н. жылдық 8,80 %-дан 9,05 %-ға дейін ұлғайды. Екі күндік swap-2D (USD) валюталық свопының кірістілігі 103 б.н. жылдық 8,67 %-дан 9,70 %-ға дейін өсті.

## ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге бағамына жеткізілімсіз фьючерстер, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары және KASE Индексі қолжетімді.

2021 жылдың тамызында 2021 жылдың тамызында болатын фьючерспен бес мәміле жасалды: жалпы сомасы 849 600 теңгеге АҚШ доллары бағамына фьючерспен бір мәміле, жалпы сомасы 64 575 теңгеге "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерспен екі мәміле және жалпы сомасы 9 286 теңгеге KASE индексіне фьючерспен екі мәміле. Қыркүйек айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болмады.

## Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар

Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).